

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 179 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 қазандағы N 1551 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 179 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

2-тармақ "орналастыру" деген сөзден кейін "және қайта бөлу" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен мақұлданған Екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық қарыздарды кейіннен қайта қаржыландыруы үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы салатын ақшалай қаражаттың банктік салым талаптарында:

"Пайдаланылатын анықтамалар" деген 1-бөлімде:

"Игеру кезеңі" деген жолдағы "Салым Жинақ шотқа есептелген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік айды білдіреді;" деген сөздер "Салым Жинақ шотқа есептелген күннен бастап 2009 жылғы 15 қазанды қоса алғанға дейінгі кезеңді білдіреді;" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қорытынды ережелер" деген 16-бөлімде:

", мұндай өзгерістер Тараптар тиісті өзгерістер енгізу туралы келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енеді" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шарттар жасасу үшін екінші деңгейдегі банктердің тізбесі және ақшалай қаражатты орналастыру лимиттері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы 2009 жылғы 25 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

N

1 5 5 1

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қ а з а қ с т а н
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 9 жылғы 17 а қ п а н д а ғы
 N 1 7 9 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

**"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының
 шарттар жасасуы үшін екінші деңгейдегі банктердің тізбесі
 және ақшалай қаражатты орналастыру және қайта
 бөлу лимиттері**

P / c N	Ұйымның атауы	Қаражатты бастапқы бөлу (млрд. теңге)	2009 жылғы 1 шілдеден бастап салымның игерілмеген бөлігін қайтарып алу сомасы () млрд теңге)	Қаражатты жаңадан қайта бөлу (млрд. теңге
1.	"Қазкоммерцбанк" АҚ	24		24
2.	"БТА Банкі" АҚ	40	3	37
3.	"Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ	24	3,5	20,5
4.	"Альянс Банк" АҚ	14	3,1	10,9
5.	"Темірбанк" АҚ	3		6
6.	"ЦентрКредитБанк" АҚ	3		4,3
7.	"Kaspi Bank" АҚ	3		4
8.	"Еуразиялық Банк" АҚ	3		4
9.	"АТФ Банкі" АҚ	3		4,3
10.	"ЦеснаБанк" АҚ	3		4
11.	"Нұрбанк" АҚ			1
	Жиыны	120	9,6	120